

## Кәсіптік білім беруде бәсекеге қабілетті, білімді және күзиретті тұлғаны қалыптастыру

**Жиенбаева Самал Асқарқызы**  
**«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК**  
**Директордың оқу әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары**



*«Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші».*  
**Н.Ә.Назарбаев.**

Мемлекет техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуына, кәсіптік және техникалық мекемелерде оқытылатын кәсіптер мен мамандықтардың алуандануына аса көңіл аударып отыр. Бүгінгі таңда білім беру жүйесі алдында заманның жоғарғы технологияларының талаптарына сай келетін біліктілігі жоғары деңгейлі, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мәселесі жүктеліп отыр. Осыған орай білім беру жүйесінде мамандарды дайындаудағы өзекті мәселелердің бірі - өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білім мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін жеткізе білетін полимәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеп шығару. Өркениетке бет бұрған еліміздің жастары – ертеңгі мемлекет тірегі. Өрениетті елдер арасындағы экономикалық бәсекелестік білім деңгейімен айқындалмақ, сондықтан да ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалатыны шындық. Махмұд Қашқаридың өзі: «Құттылықтың негізі – білік» деген. Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті Қазақстанның қарышты экономикасы десек те, жақсы экономикадан демеу алатын, қуатты әлеуметтік мемлекеттің қабілетті халқы үшін де ең қажеттісі - білімділік.

ХХІ ғасыр білімнің жаңа философиясын, жаңа ақпараттық-коммуникациялық және педагогикалық технологияларды талап етеді.

Білім жүйесіндегі маңызды буындардың бірі - орта білім. Мектеп қабырғасында жеткіншектің бейімділігі айқындалады, жүрегінде отаншылдық сезім орнығады, санасында болашақтағы кәсібіне деген көзқарас қалыптасады. Сондықтан мектеп неғұрлым шығармашыл, серпінді, толыққанды болса, ол келіп құятын білім айдыны да сондай дәрежеден табылады. Нәтижесінде отбасы, қоғам, өмірге деген көзқарас, сапалық көрсеткіштер жоғарлайды. Жоғары оқу орнына түсетін үміткердің білім деңгейі де өз дәрежесінде болады.

Білім жүйесіндегі елеулі буын – техникалық және кәсіптік білім беру саласы. Кәсіби білім беру оқу орындары үшін жұмыс сапасының басты өлшемі – түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіби дағдысының болуы.

Бәсекеге қабілетті маманды тәжірибелік-өндірістік оқыту барысында үздіксіз кәсіби ізденіс үстіндегі жоғарғы білікті оқытушылар дайындайды.

Техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарында оқыту үрдісінде жаңаша технологияны жүзеге асыруда оқытушының белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі және мамандарды даярлаудың сапасы білім беру ісімен ғылымды тығыз ұштастыру негізінде арттырылуға тиіс. Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған әдіс-тәсілдердің бәрін еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай тиімдісін таңдап алу, шығармашылықпен қолдана білу – кәсіби шеберлікті арттырады.

Бүгінгі орта буынды мамандарды дайындауға көңіл бөлу – бұл ертеңгі күнгі экономика дамуының сенімді іргетасы. Бүгінгі студент – елімізде қабылданған стратегиялық маңызы бар бағдарламаларды іске асыратын болашақ маман.

Көптеген өркениетті елдер даму стратегиясын айқындап, жүйелеу кезінде білімнің сапасын бірінші орынға қояды. Әлемде жоғары білім - жалпы білім, ғылым және мәдениеттің тоғысқан жері. Сондай-ақ жоғары білім - кәсіби машықтану алаңы. Бізді қоршаған әлем үнемі өзгеріп отырады, ол қанша күрделенсе де, әрқашан жаңа мүмкіндіктер ашумен болады. Жаһандану, өңірлік ықпалдастық, студенттердің ұтқырлығы дүниежүзілік деңгейде мойындалатын сапаның болуын талап етеді.

Білім беру жүйесін жетілдіруде көзделіп отырған мақсаттардың негізгісі - әрбір жеке тұлғаға білім алудың өмірлік жолын еркін таңдауына мүмкіндік туғызу. Бүгінгі күні білім сапасы үлкен мәселе. Білім сапасы – оқытушылар жұмысының көрсеткіші және мұның бәрі пәндік олимпиадалардан, ғылыми жоба жарыстарының көрініс табады. А.Байтұрсынов: «Ең әуелі мектепке керегі – білімді педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, керек құралдар, құралсыз іс істелмейді», - деген екен. Бұл сөздер өткен ғасырдың басында айтылғанымен, қанша уақыт өтсе де бағыт-бағдар болып тұр.

Кез-келген білім бағдарламасының табысты орындалуы оқытушыға байланысты. Оның кәсіби шеберлігі нысаналы бағдарламаны да, оқу жоспарын да биік деңгейде жүзеге асыруға ықпал ете алады, ал кәсіби дәрменсіздігі істі құлдыратады...» делінген Қазақстан Республикасы орта білім беру жүйесі дамуының мемлекеттік тұжырымдамасында. Сондықтан қоғам жеке тұлғаны тәрбиелеуде оқытушыға сенім артады.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаның қайсы» дегендей, әрбір ұстаздың мақсаты – ерік-жігері мықты, адамгершілік деңгейі жоғары, сапалы білім беру арқылы Қазақстанның болашағына сай келетін ұрпақты тәрбиелеу. Яғни, бүгінгі өмір талабына сәйкес білім берудің жаңа мазмұнын, оқытудың басым бағыттарын нысанаға ала отырып, барынша дамыған, алдыңғы қатарлы 50 мемлекеттің қатарына қосылуды және әлемдік білім беру кеңістігіне енуді жүзеге асыру қажет. Өркениетті ел қатарына қосылудың кілті – білімде болса, білімнің көзі – оқу орындарында. Мемлекеттің болашағы мен сенімі

- келешек ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарау, заман талабына лайықты маманның қызмет етуі қоғам дамуын алға бастайды.

Адам баласына шын мәнінде білімді болуы үшін үш қасиет: жан-жақты білім, ойлауға дағдыланғандығы және сезім дарқандығы қажет. Әрбір тұлғаның өн бойына осы қасиеттерді сіңіріп, жаңашыл үрдіспен еңбек ететін болсақ, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда өз шешімін табады.

Арқалық политехникалық колледжі жеке тұлғаны әлеуметтік – экономикалық бағытында дамыту үшін, еңбек нарығының сұранысына сәйкес тұлғаның жеке қажеттілігін ескере отырып, үздіксіз білім беру жағдайында техникалық және кәсіптік мамандарды дайындау бағытында жұмыс жасауда. Біздің негізгі мақсатымыз теориялық білім мен іс-тәжірибені ұштастырып, болашақ кәсіби құзыретті маман дайындау болып келеді. Колледж түлектері бүгінгі таңда облыстың түкпір-түкпірінде өз мамандықтары бойынша абыройлы еңбек етуде.

Заман талабына сай жұмысшы және орта буын мамандарын әзірлеп келе жатқан жоғары білікті, кәсіби іскерлігі шыңдалған оқытушыларымен, заманауи техникалық жабдықтармен, сапалы оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етілген техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 80 жылдық тарихы бар.